

Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар қыран құстардың тұқымын сақтап қалу жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 21 тамыз N 1150. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.06.28. N 969 қаулысымен. ~P000969

Республиканың Қызыл Кітабына енгізілген, сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар неғұрлым бағалы қыран құстардың тұқымын сақтап қалуға нұқсан келуіне жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі:

1. Сұңқардың, Ителгінің, Бидайықтың, Лашынның, Тұрымтайдың, Дала қыранының, Бүркіттің республикадағы саны анықталғанға дейін оларды аулауға рұқсат беруге, Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге тыйым салсын.

2. Қазақстан Республикасының Қызыл Кітабына енгізілген неғұрлым бағалы қыран құстардың санын есепке алуды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдансын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі